



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

БӘЙГЕТӨБЕДЕ ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Ә.ТАЛҒАТҚЫЗЫ



Соңғы жылдары ауданымызда тұрғындардың өмір сапасын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау барысында спорт кешендері, стадиондар мен ойын алаңдары бой көтеріп, қолданыстағы нысандар күрделі жөндеуден өтуде.

Бұл бастамалар жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, бұқаралық спортты дамытуға тың серпін береді.

Осы ретте облыс әкімінің қолдауымен Бәйгетөбе ауылдық округінде дене шынықтыру-

сауықтыру кешенінің ашылу салтанаты өтіп, пайдалануға берілді.

Ашылу салтанатында аудан әкімі Азамат Мәмбетов құттықтау сөз сөйлеп, жаңа нысанның халық игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді.

Құттықтаулар легін жалғаған аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Ергазы Жоламанов спорт кешені жастардың бос уақытын тиімді өткізуге және денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретіндігін атап өтті.

Әрі қарай нысанның құрылыс жұмыстарына жауапты «Альтаир СК-7» мердігер мекемесінің өкілі Артур Мақсатұлы жаңа дене шынықтыру спорт кешенінің директоры Айбар

Есенғалиевқа нысанның кілтін табыстап, салтанатты түрде кешеннің лентасы қиылды.

Айта кетейік, екі қатарлы ғимараттың ауданы 1308,5 шаршы метрді құрайды.

Ғимаратта жаттықтырушылар, дәрігерлер, күзетшілер бөлмесі, бокс, күрес залы мен спорт зал, ерлер мен әйелдерге арналған киім ауыстыру, сондай-ақ жуыну бөлмесі қарастырылған.



ТЕҢГЕ – ЕЛ МӨРТЕБЕСІНІҢ НЫШАНЫ

15 қараша – Қазақстанның қаржы жүйесіндегі ең маңызды күндердің бірі. Бұл күн – ел экономикасының айбыны, тәуелсіздіктің нақты көрінісі болған ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАМЫЗ – теңгенің туған күні.

1993 жылдың дәл осы күні Қазақстан өз тарихында жаңа экономикалық белеске қадам басты. Сол сәттен бастап еліміз шынайы қаржылық дербестікке қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекет ретінде дамудың жаңа дәуірін бастады.

Теңгенің тарихы – елдің еңсесін көтерген тарих. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін егемендігін енді ғана алған Қазақстанның алдында аса маңызды міндет тұрды. Ол – өз ұлттық валютасын енгізу. Бұл шешім оңай болған жоқ. Себебі ол тек қағаз ақша шығару емес, бүтін бір экономикалық жүйені қалыптастыруды талап етті.

Биыл ұлттық валютамыз – теңгеміздің айналымға енгеніне 32 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде теңге талай сыннан өтті, түрлі экономикалық дағдарыстарды еңсеріп, уақыт сынынан сүрінбей шықты. Теңгемен бірге ел экономикасы да нығайып, банк жүйесі дамып, халықтың тұрмыс сапасы артты. Ұлттық валютамыздың қадірін арттыру – әрбір азаматтың борышы. Себебі теңге – тек ақша емес, ол тәуелсіз Қазақстанның символы, елдің еңсесін биіктетіп, егемендігін әлемге паш еткен киелі құндылық.

Ж.ҚАМЗА

*Өңірді дамыту

Ә.ҚАСЫМ

«ТАЗА МАҚАТ» – ТАЗА ӨЛКЕ



Бүгінге дейін ауданда тазалық жұмыстары күн тәртібінен түскен емес.

Бұл бағытта әртүрлі шаралар қолға алынып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Осындай игі істердің жалғасы ретінде ауданда Мемлекет

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Таза Мақат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ашылу салтанаты өтті.

Ашылу салтанатында аудан әкімі Азамат Мәмбетов

ауданның көркеюіне, тазалығына, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға үлес қосатын жаңа кәсіпорынның жұмысына сәттілік тіледі.

«Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Таза Мақат» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны 2025 жылдың маусым айында құрылған болатын. Қазіргі таңда мекеме теңгеріміне облыстық бюджет есебінен 17 қажетті арнайы техникалар сатып алынып, мұнда 55 адам еңбек етуде.

Алдағы уақытта қызметкерлер саны 100-ден асады деп жоспарланып отыр.

Енді «Таза Мақат» мекемесі ауданның тазалығына, абаттандыру және санитарлық жағдайын қамтамасыз етуге жауапты болмақ.



*Баспасөз – 2026



«Мақат тынысына» 2026 жылға жазылу басталды

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

Жеке тұлғаға
6 айға -
2272 теңге
66 тиын

Занды тұлғаға
6 айға -
3993 теңге
60 тиын

1 жылға -
4545 теңге
32 тиын

1 жылға -
7987 теңге
20 тиын

Газет индексі:
жеке тұлғалар үшін –
65574,
занды тұлғалар үшін –
15574

Өзіңізге қажетті мәліметті "Мақат тынысынан" ғана аласыз. "Мақат тынысы" Сіздің сенімді серігіңіз болуға дайын! Бір рет жазылып, жыл бойы рухани азық алып тұрыңыз!

Құрметті оқырман!

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық кодексінің (96-бап) талаптарына сәйкес 2025 жылдың 18-ші желтоқсанында сағат 15:00-де «Қашаған кен орнын жайластыру. Құрлық кешенінде кедергілерден арылу (КА). Жаңғырту» жобасы бойынша экологиялық әсерге рұқсат алу үшін әзірленген өтінім құжаттамасы және экологиялық бағалаудың жеңілдетілген тәртібімен (ҚОҚБ) дайындалған материалдар бойынша есепті қарауға арналған қоғамдық тыңдау өтеді.

Қоғамдық тыңдау өткізілетін орын: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор к.а., Доссор кенті, Г. Сулейменова көшесі, 39 «Доссор мәдениет үйі».

Учаскенің географиялық координаттары: 47°15'19.980", 52°21'43.294".

Әсер ету аумағының географиялық координаттары:

Оңтүстік - 47°11'05.40", 52°31'13.20", Батыс - 47°14'13.94", 52°22'29.23".

Солтүстік - 47°18'19.14", 52°33'18.98", Шығыс - 47°13'37.25", 52°35'03.62".

Бейнеконференц байланысқа сілтеме:

https://zoom.us/j/97080169240?pwd=4VQBywhptqTELM0ijaxRFikP57alo6.1

Конференция сәйкестендіргіші: 970 8016 9240, **Кіру коды:** 607367

Жоспарланған қызмет бастамашысының атауы және байланыстары: NCOC N.V. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БСН 000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі 8, тел.: + 7 (7122) 92 72 28

Ықтимал әсерлер туралы есептердің авторларының мәліметтері мен байланыс ақпараты: «Sustainable Ecology Development» ЖШС, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел.: + 7 (727) 247-23-23, + 7 (727) 247-26-26, эл. адресі: sed@sed.kz

Жоба бойынша құжаттама орналастырылған интернет-ресурстың мекен-жайы: https://ndbecology.gov.kz/

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдауларыңызға болады (Атырау қ., Әйтеке би к., 77): atr_priroda@mail.ru, ga.arystanova@atyrau.gov.kz, atr.priroda@atyrau.gov.kz

ЖАО сайтына сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=kk

Қосымша ақпаратты көрсетілген эл.пошта және телефон нөмірі бойынша алуға болады:

Aliya.Koshkarbayeva@ncoc.kz, + 7 (7122) 92 74 06

Неміс есту аппараттары сатылады. Тел: **8701-101-05-91**.
Лицензия №КЗ60UBC00000788-28.07.2014ж. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы.

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАУ
ТЕЛЕФОНДАРЫ:**
3 07 66, +7 778 482 17 55



Редакцияда облыстық «АТЫРАУ» және «Прикаспийская коммуна» газеттеріне, сонымен қатар 7 аудандық («Кең Жылой», «Қызылқоға», «Дендер», «Серпер», «Нарын таңы», «Жайық шұғыласы», «Мақат тынысы») газеттеріне жарнама қабылдаймыз.

ЖАРНАМА БЕРУ ТӘРТІБІ

Жарнама редакцияда аптаның сенбі, жексенбі күндерінен өзге күндерінде таңертеңгі 9.00-ден 18.30-ға дейін қабылданады.

Қалаған газет нөміріне еске алу, қадеге шақыру, көңіл айту, құттықтау, басқа да жарнама түрлерін сол аптаның бейсенбісі күні сағат 15.00-ге дейін беріп үлгеріңіз.

«Пәтер немесе үй сатылады» айдарымен берілетін жарнамалар үшін міндетті ақпарлар:

- Толық мекен-жайы: (кент, ықшам аудандар, көше, үй),
- Бөлме саны,

3. Қай қабатта орналасқаны.

«Тауар сатылады» айдарымен:

- Тауар атауы, шығарылған жері.

Қаперге!

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН САҚТАҢЫЗ!

Төтенше жағдай – бұл адам өміріне, денсаулығына және мүлікке қауіп төндіретін табиғи немесе техногендік сипаттағы жағдай.

Қандай да бір төтенше жағдай туындаған кезде ең алдымен дүрлікпеу, сабыр сақтау өте маңызды.

Сондықтан хабарлау және көмек шақыру үшін 112 бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметіне немесе басқа да арнайы қызметтерге тез арада хабарласқаныңыз болан. Және диспетчерге не болғанын, нақты орналасқан жеріңізді және қаңдай көмек керектігін анық айтыңыз.

Мүмкіндігінше, өзіңізді және жақындарыңызды қауіпсіз жерге шығарыңыз. Егер қауіпті аймақтан шығу мүмкін болмаса, мықты, сенімді пана іздегеніңіз дұрыс.

Ресми ақпарат көздерінен

таратылатын хабарламаларды, нұсқауларды мұқият тыңдаңыз және орындаңыз. Электр, газ, су желілерін ажыратыңыз (қауіпсіз болған жағдайда).

Төтенше жағдай кезінде уақытты үнемдеу үшін алдын ала дайындалып қойған жөн. "Дабыл чemoданын" немесе "ТЖ сөмкесін" жинаңыз. Оған құжаттар, ақша, күнды заттар, бірнеше күндік тамақ, су, ләрі-дәрмек қoбдишасы, жылы киім, көрпе, фонарь, ысқырық, қол радиосы кіреді.

Отбасылық іс-қимыл жо-спарын құрыңыз: төтенше жағдай кезінде қайда кездесу керектігін және кімге хабарласу керектігін алдын ала келісізіз.


Жер сілкінісі кезінде үйде болсаңыз: Сабыр сақтаңыз; тер-резелерден, ауыр жиһаздардан аулақ болыңыз, есіктің ойығының астына не-месе мықты үстелдің астына тығылыңыз, лифтіні қoдданбаңыз.

Кешеді болсаңыз: ғимараттардан, электр желілерінен алыс ашық жерге шығыңыз;

Су тасқыны кезінде: егер су басу қауіп туралы ескерту алсаңыз, құжаттарды, ақшаны және дабыл сөмкесін алып, үйдің ең жоғары қабатына не-месе алдын ала белгіленген қауіпсіз жерге көшіңіз. Су ағынына кірмеңіз;

Ең бастысы, қауіпсіздік ережесін сақтаңыз!

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



ОБЪЯВЛЕНИЕ

В соответствии с требованиями Экологического кодекса РК (ст. 96) 18 декабря 2025 года в 15:00 часов состоятся общественные слушания по предмету: Заявочный пакет для получения экологического разрешения на воздействие по проекту «Обустройство месторождения Кашаған. Устранение узких мест (УУМ) на Наземном комплексе. Модернизация» с материалами экологической оценки по упрощенному порядку (РООС).

Общественные слушания будут проводиться по адресу: Атырауская область, Мақатский район, Доссор-ская п.а., п. Доссор, ул. Г. Сулейменовой 39 «Дом культуры Доссор».

Географические координаты участка: 47°15'19.980", 52°21'43.294".

Географические координаты территории воздействия:

Юг - 47°11'05.40", 52°31'13.20", Запад - 47°14'13.94", 52°22'29.23".

Север - 47°18'19.14", 52°33'18.98", Восток - 47°13'37.25", 52°35'03.62".

Дополнительно будет возможность подключения в режиме онлайн на платформе ZOOM по следующей ссылке:

https://zoom.us/j/97080169240?pwd=4VQBywhptqTELM0ijaxRFikP57alo6.1

Идентификатор: 970 8016 9240, **пароль:** 607367

Наименование и контакты инициатора планируемой деятельности:

NCOC N.V. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БИН 000241000874, филиал: г. Атырау, ул. Смағұлова 8, тел.: + 7 (7122) 92 72 28

Реквизиты и контактная информация авторов отчетов о возможных воздействиях: ТОО «Sustainable Ecology Development», г. Алматы, ул. Асқарова, 3, тел.: + 7 (727) 247-23-23, + 7 (727) 247-26-26, эл. адрес: sed@sed.kz

Адрес интернет-ресурса, на котором размещена проектная документация: https://ndbecology.gov.kz/ Замечания и предложения по вышеуказанному проекту можно направлять в Управление природ-

ных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области (г. Атырау, ул.Айтеке би, 77): atr_priroda@mail.ru, ga.arystanova@atyrau.gov.kz, atr.priroda@atyrau.gov.kz

Ссылка на сайт МИО: https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу и номеру телефону:

Aliya.Koshkarbayeva@ncoc.kz, + 7 (7122) 92 74 06

Жемқорлыққа жез нoқта



СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлық – бүгінгі таңда көптеген елдерде кеңінен белең алып, қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндірген қылмыстың бірі.

Оның кез келген көріністері қоғамның барлық саласына өзінің келеңсіз әсерін тигізеді. Алосы көріністерді туындатқан салдарлар мемлекеттік үдерістің қарышты дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, сондай-ақ, мемлекет билігінің беделіне нұқсан келтіреді. Құқықтық демократиялық мемлекет құрудың принциптерін бұзып ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне нақты қауіп туғызады. Біз күнделікті қызмет барысында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарының қойылған талаптарын қатаң сақтап, мүлтіксіз орындап, біздің мәдениет қызметкерлері оны бұзуына жол бермеу үшін жоспарға

сәйкес «дөңгелек үстел», жиналыс өткізіп, мамандарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Елдігімізге елеулі қатер төндіріп отырған сыбайлас жемқорлық бүгінгі таңда қауіпті әлеуметтік құбылысқа айналып отыр.

Осындай келеңсіз құбылыстармен бітіспес күрес жүргізу тек сот, құқық қорғау немесе мемлекеттік органдардың міндеті емес, барлық ұлтжанды азаматтардың парызы. Жемқорлықпен күресуді бүкіл халық болып қолға алсақ қана тоқтатуға болады. Осы тұста айта кететін мәселе – тұрғындардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы сауатының кемшін түсіп жатуы.

Осы жағдайға байланысты қазір бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халық сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізіліп жатқаны туралы хабардар болып отыр. Сонымен қатар ақпарат құралдарында сенім телефондары жарияланып тұрады. Қазіргі таңда Мемлекет басшысының бастамасы бойынша басталған әкімшілік және конституциялық реформаларды іске асыру ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл әкімшілік реформалардың мәні мен мазмұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталған.

**К.ТӨЛЕБАЕВА,
Мақат аудандық мәдениет үйінің басшысы**

Іс-шара

ТЕМІРЖОЛДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Технологиялық процесті сақтау, жарақаттанудың алдын алу және еңбек қауіпсіздігін арттыру мақсатында 2025 жылдың 19 қыркүйегінен 19 қарашасына дейін «Технологиялық процесті қадағалау, өмірді сақтау» атты шара және 14 қазан мен 14 қараша аралығында «Теміржол инфрақұрылымы объектілерінде тасымалдау процесінің қауіпсіздігін және жүктердің сақталуын күшейту» айлығы ұйымдастырылған болатын.



Аталған іс-шаралар аясында «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Атырау филиалының Мақат станциясындағы атқыштар командасы ауқымды жұмыстар жүргізді.

Өндірістік учаскелердегі санитарлық және тұрмыстық үй-жайлардың жағдайы

тексеріліп, еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік бойынша теориялық және практикалық сабақтар өткізілді. Сонымен қатар қауіпті аймақтарда жұмыс істеу кезінде сақтық шаралары еске салынды.

Күзет аймағында құқыққа қарсы іс-әрекеттердің алдын

алу мен олардың жолын кесу бағытында профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды. Рұқсат режимі күшейтіліп, бөгде тұлғаларды анықтау мақсатында рейдтер жүргізілді. Нәтижесінде, Мақат станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлерімен бірлесіп өткізілген шаралар кезінде теміржолды рұқсат етілмеген жерден кесіп өткен 5 тұрғынға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 559-бабы, 5-бөлігі бойынша хаттама толтырылып, ескерту берілді.

Бұл Мақат станциясы маңында тұрғын үйлердің екі жақ бетте орналасуы тұрғындардың теміржолды белгіленбеген жерлерден кесіп өтуін жиілетіп отыр. Бұл әрекет олардың өмірі мен денсаулығына зор қауіп төндіретінін ескеру қажет. Адамдардың қауіпсіз өтуі үшін теміржол үстінен өтетін жаяу көпір орнатылғанымен, кей азаматтардың оны пайдаланбауы қынжылтады.

Мақат станциясының атқыштар командасы тұрғындарды өз қауіпсіздігіне бейжай қарамауға, тек арнайы өткелдер арқылы жүруге шақырады. Өйткені әр адамның өмірі – баға жетпес құндылық.

**Т.ДАУЛЕТОВ,
Мақат станциясындағы атқыштар командасының бастығы**